


Стереограмма

Суретті көзіңізге өте жақын ұстаңыз. Бейненің бөлшектеріне бірден зер салып қараудың қажеті жоқ. Өзіңізді өте алыстағы жұлдыздарға қарап отырғандай сезініз. Мүмкіндігінше суреттің нақты өзіне зер салмай, көз қиығыңызбен қараңыз. Енді суретті көзіңізден шамамен 15-20 см. аралықта болғанша алыстатыңыз. Сол кезде көзіңіздің бұлшық еттері босаңсып, сурет бетінен өзге бір әлемді көргендей боласыз. Іске сәт!



17 – 23 қазан аралығына арналған
геомагниттік болжам

17, 18, 20, 22, 23-ші қазан күндері геомагниттік жағдай орташа.

19 – 21 қазан аралығында адамның көңіл күйіне әсер ететін геомагниттік толқындардың әсері азайып, жағдай бірқалыпты болады.

Жұлдыз-жорамал
20 - 26 қазан
аралығына арналған

Тоқты (21.03-20.04)



Апта ортасында өзгерістің бел ортасына түсіп, қай жаққа қадам жасаймын деп ойға батасыз. Бейне бір сынақ көпірінде тұрғанда әрі қарай қадам жасау керек пе, жоқ па екендігін саралаңыз. Өзіңізге сенімділік танытып, қадамыңызға күмән келтірмеңіз.



Торпақ (21.04-21.05)

Өзіңізге қажет қор мен рухани азықты қасықтап жинайсыз. Бұл да орынды әрекет, себебі көпшілік ортасында отырып таным көкжиегіңізді еркін байқатасыз. Дегенмен көп білемін деп сынға ұшырап жүрмеңіз.

Егіздер (21.05-21.06)

Осыған дейін жеткен барлық жетістігіңізді кәсіби шеберлігіңіздің жемісі екендігін байқайсыз. Соған қарамастан Жұлдыздар сенімді қадам жасауды жалғастыруға шақырады.



Шаян (22.06-22.07)

Алдағы бірқатар сәтсіздіктер күтіп тұр. Жолға шықсаңыз көлік сынып, бейсауат қимылдан киіміңіз жыртылып, жоспарыңыздың жоққа шығуы ғажап емес. Мұндайда қандай әуресарсаң күтіп тұрса да ашуға ерік бермеңіз.



Арыстан (23.07-23.08)

Бір апта бойы атқарған ісіңіз бір айға жетерлік күш-қуатыңызды сарп еткендей. Апта басында күтпеген жерден мәселе туындап, шешімі тек сіздің қолыңызда ғана болмақ. Сол бағытта жасаған әр қадамыңыздың соңы бақытқа жетелейді.



Бикеш (24.08-23.09)

Қазір оңаша қалғаныңыз жөн. Соңғы уақыттары жасаған қадамдарыңыздың дұрыс-бұрыстығын таразылап, шындыққа бойлауға мүмкіндік аласыз. Апта ортасында достарыңыз қонырау шалуы мүмкін.



Таразы (24.09-23.10)

Нақты не нәрсеге икеміңіз келетінін енді байқайсыз. Достарыңыз бір жақтан, әріптестеріңіз бір жақтан түрлі жағдайларда қалдырады. Ішкі түйсігіңіз шаршы топ алдында шебер сөйлеуге шақырады.



Сарышаян (24.10-22.11)

Кез келген әрекетте абай болыңыз. Толағай табысқа жетіп жатқан Сарышаяндар үшін қазір әр қадамын екшеп басқан жөн. Қырын қарап, көреалмаушылық лебін сездірген бәзбіреулер әркез аяқтан шалуға ұмтылады.



Мерген (23.11-21.12)

Алдағы күндеріңізге жоспарды оңай құрасыз. Алайда соны орындау біршама қиын болып, санаңыз сан-саққа кетеді. Жасаған әрекетіңіз сәтті шыққанымен, жан-жақтан түскен қоныраулар ойыңызды бөліп жібереді.



Тауешкі (22.12-20.01)

Соңғы уақытта туысқандарыңыз көмек сұрап, сейсенбі, сәрсенбі күндері хабарласып қалулары мүмкін. Келігі бар Тауешкілер үшін жұмыс легі тіптен көбеймек: біреуді жеткізіп тастау, зат әкелу және тағы басқалары.



Сүкүйғыш (21.01-19.02)

Кітап көп оқып, өлең жазатындар үшін еркін тыныстап, демалуға қолайлы кезең. Сәл босаңсығанның өзінде тың тақырыпқа негіз тауып қалулары ғажап емес.






















Балықтар (20.02-20.03)

Апта қуанышты жаңалықтармен басталмақ: достарыңыз сіз дегенде елпек қағып, әріптестеріңіз мақтауыңызды асырады. Десе де жұмысқа келгенде бір сәт те босаңсымаңыз, басшылық сізді бақылауға алған.



Ауа райы

Елді мекендер

	17 қазан, жұма	18 қазан, сенбі	19 қазан, жексенбі	20 қазан, дүйсенбі	21 қазан, сейсенбі	22 қазан, сәрсенбі	23 қазан, бейсенбі
 Әскемен	 +6+8 -6-8 с 9 м/с	 +8+10 -3-5 с 5 м/с	 +8+10 0-2 с 3 м/с	 +6+8 0-1 с 2 м/с	 +5+7 0-2 о-б 1 м/с	 +9+11 0-2 о-б 5 м/с	 +10+12 0+1 о 3 м/с
 Глубокое	 +6+8 -5-7 ш 11 м/с	 +8+10 -2-4 б 2 м/с	 +9+11 0-1 о-б 5 м/с	 +7+9 0-1 ш 3 м/с	 +6+8 0-1 ш 2 м/с	 +9+11 0-1 ш 5 м/с	 +10+12 0+2 о 9 м/с
 Күршім	 +8+10 -5-7 б 7 м/с	 +10+12 -2-4 с 4 м/с	 +9+11 0+1 с-б 4 м/с	 +9+11 0+1 б 3 м/с	 +9+11 0-1 о-б 3 м/с	 +11+13 0-1 с 2 м/с	 +12+14 0+2 о-б 6 м/с
 Зайсан	 +4+6 -1-3 с 5 м/с	 +7+9 0+1 с 4 м/с	 +8+10 0+1 о-б 5 м/с	 +8+10 +1+3 о 3 м/с	 +7+9 0+2 с-б 3 м/с	 +8+10 +1+3 с-б 3 м/с	 +10+12 +2+4 о-б 5 м/с
 Ұлан	 +5+7 -4-6 о-б 17 м/с	 +8+10 -2-4 о-б 8 м/с	 +9+11 0+1 с-б 5 м/с	 +6+8 0+1 с 3 м/с	 +5+7 0-1 о-б 3 м/с	 +9+11 0-1 ш 4 м/с	 +10+12 0+2 о-б 9 м/с
 Самар	 +6+8 -2-4 с-б 8 м/с	 +7+9 -1-3 о 5 м/с	 +7+9 0+2 с 5 м/с	 +8+10 0+1 с 5 м/с	 +8+10 0+1 ш 2 м/с	 +9+11 0+2 с 2 м/с	 +9+11 +1+3 о 5 м/с
 Тарбағатай	 +3+5 -4-6 с-б 12 м/с	 +6+8 -2-4 о-б 9 м/с	 +8+10 0-1 о-б 5 м/с	 +6+8 0+1 с 6 м/с	 +7+9 0-1 с 8 м/с	 +10+12 0-1 с 6 м/с	 +11+13 0+2 о 12 м/с
 Катонқарағай	 +2+4 -5-7 о-б 9 м/с	 +4+6 -3-5 с-б 7 м/с	 +4+6 -1-3 о-б 8 м/с	 +4+6 0-1 о 8 м/с	 +3+5 0-1 с-б 8 м/с	 +4+6 0-2 с-б 5 м/с	 +6+8 0-1 б 7 м/с
 Шемонайха	 +5+7 -4-6 о-б 11 м/с	 +8+10 -3-5 о-б 7 м/с	 +7+9 0-1 о-б 4 м/с	 +6+8 0-1 о-б 3 м/с	 +4+6 0-2 о-б 2 м/с	 +7+9 0-2 о-б 7 м/с	 +8+10 0+1 о-б 9 м/с
 Риддер	 +4+6 -6-8 о 3 м/с	 +6+8 -4-6 о-б 8 м/с	 +6+8 0-1 б 8 м/с	 +4+6 0-1 о 4 м/с	 +5+7 0-2 о 2 м/с	 +7+9 0-1 о 3 м/с	 +9+11 0-1 о 5 м/с
 Алтай	 +6+8 -7-9 с-б 2 м/с	 +6+8 -5-7 о 6 м/с	 +6+8 -1-3 с 3 м/с	 +6+8 0-2 ш 3 м/с	 +6+8 0-1 о 3 м/с	 +8+10 0-2 о 3 м/с	 +8+10 0-1 о 3 м/с

Менің өлкем

№124 (1673) 16.10.2025 ж.

Меншік иесі
"Шығыс жаңалықтары" ЖШС
Директор
Е.К. Мұқажанов

Бас редактор
Талғатжан Мұхамедиев
Бас редактордың
орынбасары
Әділхан Есімханов
Шығарушы редактор
Қымбат Оралханқызы

Тілшілер
Еркежан Оралғазина
Нұрәулет Қалибеков
Лашын Жарденбек
Ұлжан Сейітханова
Әдемі Амангелді

Дизайнер
Замира Сүлейменова
Редакция телефоны:
Факс, телефон: 41-21-10
Сұрақ-жауап, жарнама,
хабарландыру:
8-705-594-70-70
e-mail: Menin_olkem@mail.ru

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, 2019 жылғы 13 ақпанда есепке қою туралы №17518-Г куәлігі берілген.
Хаттарды мына мекенжайға жіберуге болады: 070004, Өскемен қаласы, Әуезов даңғылы, 14/1 213-кеңсе.

Түпнұсқа-макеттен - "Печатное издательство - Агентство "Рекламный Дайджест" ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20.
Тапсырыс 10201
Немірдің таралымы – 1500 дана
Аптасына үш рет шығады